

**«Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған
республикалық кітапхана» РММ**



Заңғар жолдың жалғасы

Мәдениеттанушы-ғалым, дипломат, филология
ғылымдарының докторы,
ҚР Журналистика академиясының академигі,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері
Мұрат Мұхтарұлы Әуезовтың туғанына 80 жыл

Библиографиялық материалдар

**Алматы
2023**

«Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ

*Кітапхана ісін дамыту,
библиография және тифлология бөлімі*

Заңғар жолдың жалғасы

Мәдениеттанушы-ғалым, дипломат, филология ғылымдарының докторы, ҚР Журналистика академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері
Мұрат Мұхтарұлы Әуезовтың туғанына 80 жыл

Биобиблиографиялық материалдар

**Алматы
2023**

ӘОЖ 01:929 (574)

3- 22

«Заңғар жолдың жалғасы»: Мұрат Мұхтарұлы Әуезов – мәдениеттанушы, филология ғылымдарының докторы, ҚР Журналистика академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мұрат Мұхтарұлы Әуезовтың туғанына 80 жыл: библиографиялық материалдар / Құрастырушы З.М. Шамшиева; Редакторы Ә.С. Рахимжанова. – Алматы: РММ «ЗНКААРК», 2023. – 46 б.

РММ «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана», 2023



Келе жатқан жолдарды саптап, саралап қарасам, оның қай-қайсысында да ең басты өмірлік ұстанымым – әділ болу, әділдікті мойындау, әділетсіздікпен күресу болып келеді екен. Әділ мен әділеттілік жадымда жатталып, жанымды жаңғыртып, ата-бабаларымның қанымен келіп, көңілімді асқақтатып, кеудемді тіктеген ұғым.

*Мұрат Мұхтарұлы Әуезов
(1943)*

АЛҒЫ СӨЗ

Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханасы мәдениеттанушы, ғалым, қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Журналистика академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы, Тарлан сыйлығының лауреаты, заңғар жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің баласы Мұрат Мұхтарұлы Әуезовке «Заңғар жолдың жалғасы» атты биобиблиографиялық материалдар дайындады.

Мұрат Әуезов 1943 жылы 1 қаңтарда Жамбыл облысының Меркі ауылында туған. 1965 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінің жанындағы Шығыс тілдері институтын қытай филологиясы мамандығы бойынша бітірді. М. Горький атындағы Әлем әдебиеті институтының аспирантурасын 1969 жылы «Проблемы национального своеобразия современной казахской литературы» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаумен аяқтайды. Біркыдыру уақыт Қазақ КСР Ғылым академиясының Философия және право институтында, республикалық Тарихи ескерткіштерді қорғау қоғамында жұмыс істеді. Ш. Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясының бас редакторы болды, Қазақстан Жазушылар одағында қызмет істеді. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы елшісі, Халықаралық «Сорос» қоры қазақ бөлімшесінің төрағасы, Ұлттық кітапхананың директоры болды.

Биобиблиографиялық материалдарға ғалымның өмірбаяны, еңбектері, шығармалары, мәдениеттанушы ретінде айтқан өзінің пікірлері және елімізде өткізілген іс-шаралар қамтылған.

Биобиблиографиялық материалдар мәдениет және басқа да гуманитарлық сала қызметкерлеріне, әдебиеттанушыларға, педагог, ұстаздарға, студенттерге және қалың оқырман қауымға арналған.

Мұрат Мұхтарұлы Әуезов

(Өмірі мен еңбегі туралы мәлімет)

Мұрат Мұхтарұлы Әуезов – мәдениеттанушы-ғалым, дипломат, мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Тарлан сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының докторы, ҚР Журналистика академиясының академигі, заңғар жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің баласы.

Ғалымның туған жері Меркі ауданы – Жамбыл облысының 10 ауданының бірі. Қазақстан Республикасының оңтүстік шығысында, Алатаудың бөктерінде орналасқан. Шығысында Қырғызстан Республикасының Шу облысының Жайыл ауданымен, солтүстік-шығысында Шу облысымен, солтүстігінде Мойынқұм, оңтүстік-батысында Рысқұлов (бұрынғы Луговой) аудандарымен шектеседі.

Мұрат Әуезов 1943 жылы 1 қаңтар күні Жамбыл облысында Мерке кентінде қазақтың жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезов пен Фатима Ғабитованың отбасында дүниеге келді.

Ғалым М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Шығыс тілдері институтын «Қытай филологиясы» мамандығы бойынша бітірді. КСРО Ғылым Академиясының Әлем әдебиеті институтында әдебиет теориясы бойынша филология ғылымдарының кандидаты дәрежесінің үшінші диссертациясын қорғады. Қазақстан Журналистика Академиясының 2007 жылы 27 ақпанда өткен жалпы жиналысы арқылы академияның толық мүшесі болып сайланды.

Мұрат Әуезов 1981-1987 жылдары «Қазақфильм» киностудиясында бас редактор қызметін атқарды.

Ал 1988-1990 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының көркем аударма және әдеби өзара байланыстар жөніндегі Алқасының басшысы болды.

1990 жылы Әуезов Қазақстандағы «Мир» телерадиокомпаниясының көркемдік жетекшісі, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланып, Кеңес Президиумының мүшесі, парламентаралық байланыстар жөніндегі Комитеттің төрағасы қызметін атқарды.

1992 жылғы желтоқсаннан Қытай Халық Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындалды. Ол ҚР ерекше тапсырмалар бойынша Төтенше және Өкілетті Елшісі болып табылады.

1995 жылы Алматы облысы әкімдігінің ақпарат және Қоғамдық келісім Департаментін басқарды.

1999 жылғы желтоқсаннан «Сорос-Қазақстан» қорының атқарушы директоры, 2002 жылғы шілдеден қордың Президенті болды.

2003-2006 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының Бас директоры қызметіне тағайындалды.

Мұхтар Әуезовтің қолтаңбасы түскен барлық құжат, көркем мәтіндер, жазбалары қазақ үшін асыл құндылық екені белгілі. Сондықтан, кемеңгер жазушының сүйікті ұлына деген өлшеусіз махаббатын мәлімдейтін бір-екі мәтінді ұсынуды жөн көрдік. Мұхтар Әуезов баласына жазған хатында: «...Мұратай! Айналайын жақсы балам. Тілі тәтті, өзі тәтті Мұратайым. Сен мені сағындың ба, мен сені көп ойлап, көп сағынам. Қашан тағы көрер екем деп ойлаймын. Енді көргенде Мұратайым маған тағы қандай әндер айтып берер екен деп ойлаймын. Сен әнді жақсы айтушы едің. Осы күнде тіпті көп өлең, ертегі білетін болған шығарсың. Үйрене бер. Ең болмаса хариштер үйрен. Тәтеңе айтып маған өзің де хат жаз. Жаздыгүні мен саған велосипед әперем, алдамаймын, айналайын жаным. Ал, бетіңнен, көзіңнен сүйдім. Хат жазған ағаң. 4.ІІ.48 ж», – десе, енді бір хатында: «...Айналайын, Мұратайым! Сенің тәтеңе ерік бермей, маған хат жазғызғаныңа мен соншалықты қуанамын. Сен ақылды болып келесің. Ағаңды ойлағаның сол ақылды болғандығыңнан. Енді бұдан былай аз аздап сабақ та оқи

беру керек. Тәтең саған жеңіл, жеңіл кітаптар оқып беретін болсын...», – деген сөздерінің өзі даналықтың дәнегіндей, тағлым мен тәрбиенің төресіндей.



Жазушының сүйікті ұлының атын тікелей атамай, «Мұратайым» деуінің өзінде қаншама мейірім, өлшеусіз сүйіспеншілік жатқанын аңғармау мүмкін емес. Бұл жөнінде кейіпкеріміздің өзі де ерекше ілтипатпен баяндайды. Ол әкесінің де, анасының да шын мәніндегі педагогтар болғанын ылғи баса айтып жүреді. Бала Мұрат алғаш хат танып жүрген кезде анасы шұлық тоқып отырып, «Абай жолын» оқытатын көрінеді. Кішкентай Мұратайының салмағы үлкен романды мұрны пысылдай ежіктеп оқып отырғанын көргенде, әкесінің балаша мээ болатыны да әлі есінде.

«Иә, кішкентай кезімде әкеміз біздің қалыптасуымызға, тәрбиемізге ерекше мән беретін. Бауырым Ернар екеумізді театрға апарып, түрлі спектакльдерді көрсететін, сосын бізден оның мазмұнын, не түсінгенімізді сұрайтын. Қолы тиген күндері табиғатқа алып шығып, серуендетіп қайтатын. Ернардың бір дорба асығы бар-тын. Әкем арқардың құлжасын: «Мынау – сенің асығың», – деп маған беріп, асық үйреткен. Содан кейін спортпен шұғылдануыма көп көңіл бөлді. Бірде әкем Ернар екеумізді екі айға Қырғызстанға алып барды. Қырғыз ағайындар бізді Қордайдан күтіп алды.

Әкем кезінде қырғыздың «Манас» эпосын қорғап қалған адамдардың бірі ғой. Сондықтан да қырғыздардың арасында ол кісінің абырой-беделі зор болды. Сол жолы біз Түгелбай Сыдықбеков, Әбдімомынов және атақты манасшы Саяқбай Қаралаевтың үйлерінде мейман болдық. Мен «Манасты» ұйып тындап отырып, әкемнің қасына келіп, құлағына «мен ана кісінің айтқандарын түсінемін» деп сыбырлағанымда, әкемнің балаша қуанған сәті көз алдымнан ешқашан кетер емес. Әйтеуір, әкем бізді білімді де мәдениетті азамат етуге тырысып бақты», – дейді Мұрат Мұхтарұлы естеліктерінде.

Иә, асқар таудай әкенің әрбір хаты балаға бағдаршам іспетті болғаны анық. Кейінірек Мәскеуден жіберіп тұрған түрлі кітаптары да балаң Мұраттың білім көкжиегінің кеңеюіне, сана биігінен көріне бастауына ықпал еткені сөзсіз. «Мұратай! Мен сені енді ержетті, есі кірді деп, менің кітабымды оқитын, білетін кезі жетті деп «Абайды» жіберіп отырмын. 1958 ж. 28. XI». Ал бозбала Мұрат әкенің бұл жолдауын бар жан-тәнімен қабылдады. Бұл орайда кейіпкеріміздің: «Абай жолын» оқығанда, ол біреудің жазғаны емес, өзіңе өте жақын адамның жазғаны екенін жастайымнан ұғып өстім. Кітаптың өзі әкемізден басталған сияқты», – деп келетін естелігі де бар.

Жастайынан саяси соқырлықтан түңілген күрескер Мұраттың жас кезінде жазған күнделіктерін жайбарақат оқу мүлдем мүмкін емес. Автордың от шашқан әр сөзі, кесек пікірлері, түйін-түйін ойлары көкірегіңді ашып, қазына көмбеді толтырады. Автормен бірге күйнесің, күйзелесің, ашынасың, қуанасың, мақтанасың. Оның оқырманға деген ерекше сенімін сезінесің. Тіпті Мақаттың құмды желінің арасынан Жания апайдың «Шырағым, жазатыныңды жаз!» деген даусын естігендей боласың. Уйти, чтобы вернуться – Оралу үшін кету. Қалайда Махамбеттің кешін өткіземін, тарих ақтаңдақтарын ақтаруға, олардың халқына оралуына еңбек етемін деген ойлармен Алматыға орала сала, ол елдің қайнаған саяси-шығармашылық ортасына бар жан-тәнімен


қайта сүнгиді. Осы жылдары оның тұңғыш кітабы – «Времен связующая нить» әдеби-сын монографиясы жарық көреді. Араға жиырма шақты жыл салып, 1997 жылы гуманитарлық тақырыптағы «Иппокрена. Хождения по мукам» монографиясы, 2002 жылы «Уйти, чтобы вернуться» күнделіктер жинағы, 2016 жылы «Времен связующая нить» және 2017 жылы «Ділім» атты іргелі туындылары жарық көрді. Қаламгердің «Өнегелі өмір» сериясымен жарыққа шыққан кітабында өмірбаяндық мәліметтер, таңдаулы туындылар, замандастары мен әріптестерінің естеліктері, сонымен қатар мұрағаттық деректер мен әр жылдағы суреттер көрініс тапқан.

Мұрат Әуезовтің бұл еңбектерінің барлығына ортақ сипат – қай дәуірді алса да, сол тарихи кезеңдер мен саяси-мәдени-әдеби құбылыстарға деген тың көзқарас, ашық пікір, жаңашыл түйін.

Заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылық жолын кеңінен насихаттау үшін заманауи көзқарасқа сай жан-жақты зерттелген шығармаларға қажеттілік туындайды. Қазақ және түрік әдебиеттанушыларының бірігіп жүргізетін зерттеу жұмыстары бұл кемшіліктерді азайтып қана қоймай, Мұхтар Әуезов және оның әдеби шығармашылығының сапалы түрде аударылып, жариялануына септігі тиер еді. Осы тұрғыдан алғанда Мұрат Әуезовтің түрлі философиялық ой-пікірлері мен тұжырымдамалары бүгінгі таңда өзекті болып тұр. Асылдың сынығы ретінде ол кісінің әрбір сөзі мен ісі жас ұрпаққа үлгі болуы тиіс.

Мұрат Әуезовтің жастарға айтар ақылы: «Ұлтжандылық деген бұл – Ұлы сезім. Адамды ажарландырып, нұрландырып, жігерлендіріп жібереді. Қазақ халқының саны тым аз. Сондықтан біз ұлттың сапалы болуын ойлауымыз керек. Ол үшін нағыз білім болуы керек. Тек диплом алу үшін білім қуудың қажеті жоқ, білімнің ұшан-теңіз тереңіне бойлай білуіміз керек. Алаштың азаматтары «Сегіз қырлы,

бір сырлы» болған. Сыры – осы ұлтжандылық. Олар нағыз қазақ бола білді. Біз қазақтығымызды жүрегімізбен сезінуге тиіспіз. Өйткені заман – қатал».



Мұрат Әуезов: Мұхтар Әуезовтің ұлы екенімді мектепке барар кезде бір-ақ білдім



Қазақ әдебиетінің алып мұхиты Мұхтар Әуезов пен қазақтың қайсар анасы Фатима Ғабитованың ұлы Мұрат Әуезов өзінің әкесін енді танып, одан өмірлік нұсқауларды үйреніп келе жатқан шағында одан айырылып қалған.

Ата-анасының жолын қуып, қазақ халқына қызмет етуді өмірлік парызы көрген бүгінгі заманның белгілі тұлғасы Мұрат Әуезов бала кезінен өте бауырмал, ұйымшыл болып өскен. Анасының тәрбиесін еске алған ұлы әр әкеден туған ағайындардың бөлінбей, ерекше ауызбіршілікте ер жеткендерін айтады.

«Анамыздың тәрбиесі соншалықты керемет болған. Біздің әр әкеден туғанымызды ешқашан білдіртпеген. Ауызбіршілігімізді әрдайым нығайта түскен. Үлкен ағамыз Азат біздің көзімізді ашты. Кітап болмаған кезде өзі ойлап тауып әңгімелеп беретін. Төрт қабырғасы аппақ болған бір бөлмеде ғана тұрамыз ол кезде. Азат сол қабырғаға шамды жағып, саусақтарымен неше түрлі кино көрсететін. Ол өте дарынды болды. Мектепті алтын медальмен аяқтады. Болат ағамызбен де қарым-қатынасымыз ерекше болды. Әрдайым бір-бірімізге қамқорлық танытып, ұйымшыл болып өскенбіз», – деп Біләл Сүлеев пен Илияс Жансүгіровтен туған екі ағасымен жақсы қарым-қатынаста өскенін еске алды.

Сонымен қатар, өзінің әкесі Мұхтар Әуезов екенін тек 1949 жылы білген екен. Сол кезде алғаш әкесі мектепке апарған. Осы уақыттан кейін әке мен баланың қарым-қатынастары нығая түскен.

«Мәскеуде оқып жүргенде әкем ауруханаға түсті. Мен ол кезде студент болатынмын. Әкеме күнде барамын, ол кісі таксиге ақша беріп, күнделікті келіп тұруымды сұрайтын. Хаттар жазып тұрады, Кәмен Оразалинге хатын жазып, «туған жеріңді барып көріп қайтасың, сені қарсы алады олар» дейтін. Әкемнің соңғы хаты Кәмен Оразалинге арналған болатын, ол хаты тек Мұратқа емес, күллі қазақ халқына аманат болғандай еді. Сол әкемнің жоспары бойынша туған жеріме барып, өз көзіммен бәрін көріп, достарымен сөйлесіп, болып жатқан жағдайды жазып келуім керек еді. Алайда ота жасалу сәтінде оянбады», – дейді Мұрат Әуезов.

Қазақ тілін жетік білмейтіні туралы сөз еткен Мұрат өзін «қазақ тіліне оралған адаммын» деп санайтынын айтты. «Орыстілді болған кезімде де менің жүрегім қазақ деп соққан. Бірақ уақыт өте сол қазақ тілін меңгеруді жөн санадым. Бұл жерде жалғыз мен ғана емес, қасымдағы достарымыз бәріміз бірігіп тілімізді үйренуге бел будық. Сонда қайсымыз орыс тілінде сөйлеп қойсақ, бес тиыннан өтемақы төлейміз деп келістік. Солай қазақ тіліне орала бастадық», – дейді қазақтың ұлы тұлғасының ұрпағы.

Сонымен қатар, әкесін алты жасында танып, одан он сегіз жасында айырылып қалған ұлы әкесімен бірге өткізген кезеңдер өміріндегі ең бақытты кездер болғанын айтады.

«Әкем менің өмірлік жолымды, бағытымды, болашақ жоспарымды қысқа уақытта белгілеп кетті. Өсіп келе жатқан шағымда әкеммен жиі кездесіп, болашаққа жоспар құрып, өмірде қандай мамандық таңдауыма дейін үлес қосқан. Менің әрбір жетістігіме қуанып, маған әрдайым көңілі толып жүретінін байқайтынмын. Сол кезеңдер мен үшін өте бақытты кезеңдер болды. Алайда бұл сәттер он сегіз жасымда үзілді. Ең өкініштісі, енді-енді әкеме бауыр басып, ендігі мені

жолға сала бастағанда әкемнен айырылып қалдым», – деп екіншіні білдірді.

Мұхтар Әуезовтің «Жай гуманитар таяз сумен тең, ал нағыз гуманитарий болуымыз деген мұхиттай терең, шексіздікке ұмтылу деген ұғым» деген сөзін еске алсақ, Мұрат Әуезовтің де гуманитарлық саласына әкесінің жетелеуімен келгенін байқауға болады.

«Мен астрофизика мен химиядан жақсы болдым. Осы сабақтардан олимпиадаларға қатысып, арнайы үйірмелерге барып жүретінмін. Атақты астрофизик пен академиктер әкемнің жақсы достары болған. Соларға мені тапсырып қойған екен. Осы астрофизика немесе химия саласында жүрсе көмек беріндер деп. Бірақ мен есейе бастағанда әкем маған «сен дұрыстап ойланып көрші, қандай маман болғың келеді? Сен енді есейдің, ендігі мамандығың бойынша ойың қандай?» деді. Сол кезде ғана менің миым жетті. Сонда барып мен гуманитарлық саласын таңдайтынымды түсіндім», – дейді Мұрат Әуезов.

Әуезовтің өзінің түп-тамыры қожа болғандықтан, ұлына араб тілін үйрен деген талап қойған екен. Алайда белгілі себептермен қытай тіліне бет бұрған Мұрат әкесінің ризашылығын алған.

Ата-бабаларының Түркістан жеріне қалай келгені туралы Мұрат Әуезов былай деп жазады: «Әкеміздің өзі де біздің ата-бабаларымыз арабтың шөл даласынан келген» деп отыратын. Ол кісі өз балаларына, әсіресе оның ішінде бауырым Ернар екеуімізге жеті атамызды Мұхтар, Омархан, Әуез, Бердіқожа, Әбдіқожа деп үйрететін. Әкем бала кезінде үлкен қолжазба көргенін айтады. Оның ұзындығының өзі сегіз метрге жуық болған екен. Ол атадан балаға мирас болып қалып отырған бабаларымыздың шежіресі көрінеді. Шежіреге қарағанда, әкеміз Әзірет Әлидің қырық бесінші ұрпағы болады. Арғы атамыз Бақсайыс – жиырма үшінші ұрпақ. Әзірет Әлидің Мұхамед-Қанафия атты ұлынан біз тараймыз. Қожалар XVIII ғасырда өздерінің рухани міндетін

жақсы атқарған. Олар саналы түрде адамдарын жан-жаққа, соның ішінде Солтүстік Үндістан, Шығыс Түркістан, Қытай өлкесіне, Кавказ жеріне жіберген. Сол уақыттары қожалар Қазақстанның да көп бөліктеріне келген. Олардың мақсаты – күшейген Батысқа қарсы жергілікті халықтың рухын көтеру, дін тарату болған. Бабаларымыз Аягөзге көшіп келгеннен кейін Құнанбай өзінің балаларын қожалардың ұрпақтарымен араластырып, достастырып отырған. Құнанбай өзі Әуез атаға құрмет білдіріп, «Әу қожа» деп атаған екен. Өзі қажылықтан қайтқанда атамызға таза асыл тастан таспиық, жайнамаз және Құран кітап әкеліп берген. Әуез атамыз қайтыс болғанда өз өсиеті бойынша сол таспиық қабіріне салыныпты».

**«Әрбір 21 жасар қазақ жігіті әкем сияқты елін
ойлайтын болса ғой...»**

**Сұхбаттасқан Өмірзақ АҚЖІГІТ,
«ЕВРАЗИЯ-KZ»**

Мұрат Әуезовтың Жапонияға сапары туралы, әкесінің Жапония жайлы жазғаны және нәзік те терең әке тәрбиесі, өнегесі жайлы берген сұхбаты.

– Жұрт сізді ең алдымен ұлы адамның баласы деп біледі...

– Мен жақында Жапонияға шақырып, сол елге барып келдім. 14 күн болдым, екі қаласын аралатты. Сондағы мақсаттары – жапон елінің тарихымен, мәдениетімен, өнерімен, философиясымен жан-жақты таныстыру. Олар бұл істі өте салмақты, салықалы атқарады екен, жеке адамды ғана шақырады және оған алдын-ала бір жылдай дайындалады. Осы жыл бойына маған жапон еліне байланысты ағылшын, кейбіреуін орыс тілінде көптеген кітаптар жіберді. Олар маған қаражат та бөлді. Ұшақ Франкфурт арқылы, жер шарының жартысын айналып ұшса да билет бизнес-классқа алынуына байланысты барлық жағдай жасалынған, сондықтан да шаршаған жоқпын. Қасыма екі аудармашы берді, екеуі де әдебиетті жақсы білетін білімді жандар. Менен «қандай ұсыныс, тілегіңіз болады?» деп сұрағанда: «елдеріңізді солтүстіктен оңтүстікке дейін аралап шықсам, тарихшылармен, жазушылармен, ғалымдармен, ядролық қаруға қарсы ұйым мүшелерімен кездесем, атом бомбасы жарылған қалаларды көрсем» деп жауап берген болатынмын. Өйткені, өзіңіз білесіз, мен кезінде «Семей-Невада» қозғалысында Олжас Сүлейменовтың орынбасары болдым. Жапондар тілегімнің бәрін орындады. Мұражайларды аралауға барғанда мамандарын қосты, көптеген театрларымен таныстырды. Мұның бәрін айтып отырған себебім – дәл осы сапарда әкемнің жастайынан көп көңіл

бөлген, кейін өзі аралағанда ерекше әсер етіп, есінде өмір бойы сақталған елмен кең таныстым. Әкемнің айта алмай кеткен сөзін айту үшін тағдырдың өзі мені осы елге алып келгендей сезіндім.

Бұл сапарға дайындалу үстінде Жапония туралы өзімізде не бар екен деп, қазақ ойшылдарының жазғанының бәрін қарап шығуға тырыстым. Әкеміздің 50-томдық жинағында 1918-жылы «Жапония» деген атпен шыққан үлкен мақаласы бар екен, мен оны байқамаған екенмін, Диар жиенім, әкеміздің мұражайының директоры, соны көрсетті. ***Сол мақаланы оқып отырып таңқаласың! Жап-жас жігіт, ХХ ғасырдың басында Жапония жайлы қандай көп мәліметтер білген.*** ХІХ ғасырдың алпысыншы жылдары күншығыс елінің тарихында өте күрделі кезең болған. Император Мэйдзи реформалар жүргізеді. Мұхаң осы реформаның мағынасына терең үңіліп, ол жапондықтарға не берді деген сұраққа жауап іздейді. Бұл зерттеудің астары ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап ар жағынан АҚШ, оңтүстігінен Ұлыбритания, солтүстігінен Ресей Жапон аралдарына жақындай бастады. ***Сол кезде жапондықтар өздерін ұлт ретінде, мемлекет ретінде сақтап қалу үшін түрлі іс-әрекеттерге, тәсілдерге, қадамдарға барды. Соның нәтижесінде батыстың ықпалына бой алдырмаған, экспансиясына төтеп берген азиялық бір мемлекет, бір ұлт табылды.*** Сол тәжірибе менің әкеме және жалғыз менің әкеме ғана емес, сол уақыттағы алаштың айтулы азаматтарына да қажет болды. Әкем мақаласында осы тәжірибені, осы үлгіні таратып, талдап жазады.

Екіншіден, Диар әкеміздің 1957-жылы Жапонияны бір ай аралаған сапарында жол-жөнекей жазып отырған күнделігін тауып берді. Өкінішке қарай, бұл күнделік әуезовтанушылардың назарынан осы күнге дейін тыс қалып келеді. Ал, сіз оны оқып отырсаңыз, үлкен бір байлыққа кезігесіз. Өйткені, әкеміз күн сайын үш-төрт жиынға қатысып отырған. Және ол заманда бүгінгідей сөз бостандығы жоқ,

өзіміздің елде айта алмайтын ойын ол кісі сол жақта айтып отырған. 1949 жылдан 1961 жылға дейін Семей жерінде атом сынағы жүргізіліп келді және атом бомбасын жер бетінде жарып сынап отырды. Осы сынаққа деген қарсылығын әкеміз сол жақта жүріп білдірсе керек. Күнделігінің бір жерінде «суық тиіп ауырып, түнімен ұйықтай алмай шықтым, бәрібір бүгінгі кездесулерге баруым керек» деп жазады. Кездесулерге барып, өзінің ядролық сынақтарға наразылығын білдіреді. Кейде сұрақ та тууы мүмкін, Мұхтар Әуезов секілді Ленин орденін, Лениндік сыйлықты алған жазушы осы сынақтарға қарсы болмаған ба деген. Міне, күнделік осы жерде көп шындықты ашып береді.

– Мұрат аға, Мұхаңның өзімізде оқыған теңдессіз лекцияларын сол кезде ешкім магнитофонға жазып алмапты. Ал, ол кісінің Жапонияға келгенде оқыған лекциялары, сөйлеген сөздері жазылған ба екен, сұрастырдыңыз ба? Қанша дегенмен, бізге қарағанда техникасы дамыған ел ғой.

– Оны сұрастырдым, бұл жақта да жазылмапты. Бұл туралы елшіміз Болат Нұрғалиевпен де әңгімелестім. Ол іздестіреміз деді. Әкемнің күнделіктерінде көптеген адамның есімі аталған, дұрыстап іздестірсе, нәтиже шығып қалуы да мүмкін.

Мен бұл әңгімені неге айтып отырмын? Араға 48 жыл, 2 ай салып әкемнің табаны тиген жерде тұрдым. Мысалы, Нагасакиде. Ол кезде әкем алпыста, мен бүгін алпыс үштемін, жасымның үлкендігін пайдаланып, әкеме біраз сұрақтар қойдым. Міне, әкем екеуміздің арамыздағы осы әңгімені мен жазып алдым. Мен әкеме «сұрақ» қойдым. «Сіз Индияға барған сапарыңыз жайлы, Америкаға барған сапарыңыз жайлы очерктер жаздыңыз, ал Жапония сапары жайлы неге ешнәрсе жазбадыңыз?» Әкем маған былай «жауап берді». «Мен Жапонияда атом сынақтарына деген өз пікірімді білдірдім, бұл тақырыпқа ол заманда КСРО-да ауыз ашуға болмайтын. Екіншіден, 37-жылдары біздің

асылдарымыздың көбісі «Жапонияның шпионы» деген жалған айыппен атылып кеткен болатын...» Көрдiңiз бе, жапон мемлекетi жайлы 1957-жылы шындықты айту мүмкiн емес едi. Айтпақшы, әкем күнделiгiн араб әрпiмен жазған екен. Мен оның да сырын сұрадым. «Бiздiң делегацияның iшiнде мiндеттi түрде қауiпсiздiк комитетiнiң қызметкерлерi болатын. Солар оқи алмасын деген ой болды менде». Ол кiсi Хиросимада, Нагасакиде де болған, атом бомбасы құрбандарына арналған ескерткiшке гүл шоқтарын қойған. Демек, әкем өзiнiң азаматтық борышын бұл салада да өтеп кеттi.

«Жас тұлпар» жастарымызда жалғасын табуда

– *Бұл жайлы аз жазылған жоқ, дегенмен сiздiң ұрпақтың «Жас тұлпардай» ұйымды құруына не нәрсе себеп болды?*

– Өмiрде ешнәрсе кездейсоқ болмайды. Сопылар осылай үйретедi. 1961 жылы 27-тамызда Мәскеудегi Кунцево ауруханасында әкемiз қайтыс болды. Мен ол кезде Мәскеудiң мемлекеттiк университетiнiң шығыстану факультетiнде оқимын. Қытай тiлi мамандығы бойынша. Осы мамандыққа баулыған да әкем болатын. Бiздiң халқымыздың тарихына байланысты көптеген деректер қытай қолжазбаларында жатыр, сондықтан қытай тiлiн бiлсек тарихымызды да тереңiрек бiлемiз деген ойды жап-жас баланың санасына құя берген ғой. Халқымыздың тарихын толық бiлуiмiз керек деген үлкен мақсат тұр ғой ол ойдың артында.

Сол жылдары әкем оңтүстiк өлкесiне бiрнеше рет барып, кеңес заманы жайлы жазбақшы болған үлкен еңбегiне деректер жинағаны бәрiмiзге мәлiм. *Ауруханаға келiп жатқанында өлемiн-ау деген ой болған жоқ ол кiсiде...* Екеумiздiң арамызда Шыңғыстауға, әкемнiң туған жерiне барып қайту деген келiсiм болған едi. Тамыздың 25-күнi әкем Семейге, Қарауылға, ол жердегi Кәмен Оразалин деген ақсақалға жазған соңғы хатында «ұлым әкесiнiң туып-өскен жерiне бара жатыр, көрсетiңдер, таныстырыңдар оған елдi»

деп жазады. Осы хаттан соң әкем қолына қалам алмаған, себебі әкемді қырық сағат бойы операцияға дайындаумен болған. Бұл хат әкемнің мұражайында сақтаулы тұр. Осының өзі тәрбие. Әр адам өзінің тамырынан үзіліп қалмасын деген ой.

Әкем екеуіміз жақсы әңгімелесетін едік, мен ол кісіні енді-енді жақсылап түсініп келе жатқанымда әңгіме кілт үзілді ғой... Әдебиет, философия жайлы сұхбаттасушы едік. Мұқан Мәскеуге жиі келуші еді ғой. Лениндік сыйлық туралы комитеттің мүшесі, басқа да жұмыстары көп болатын. Сондықтан әкемнің «Мәскеу» қонақ үйінде өзінің үнемі түсетін бір нөмірі бар еді. Сол жерде достарын – жазушыларды, ғалымдарды қабылдайтын. Бірде келген қонақтарына «біз ұлымыз екеуіміз Гегель жайлы пікір таластырып отырмыз» деп мақтанышпен айтқаны бар. Бұл сөздің артында да «ұлым, сен философияны жақсы білуің керек» деген ой жатыр... Әкемнің осындай тәрбиелік тәсілдері көп болатын. Бірде Ыстықкөл маңайындағы манасшы Саяқбай Қаралаевтың үйіне бардық. Ауруханадан шыққаннан кейін екеуіміз Шолпан-атадағы әкемнің үйіне барамыз деген жоспар да түзіп қойған едік. Айтпақшы, сол мұражай-үйді сақтап қалған Саламат деген керемет жақсы келіншектің інісі баласымен дәл қазір мына бөлмеде, менің демалатын бөлмеде отыр... Әкем маған «Шолпан-атаға барғанда көрген-білгеніңнің бәрін қағазға түсіресің» деген болатын. Сондағы ойы баласының қаламының қарымы қандай, соны байқағысы келсе керек. Екінші жағынан менің аяғымды сол жерге байлау болды-ау деймін. Өкінішке қарай ол жоспардың бәрі орындалмай қалды.

Әкемнің тәрбиесі осындай өте нәзік, өте терең болып келуші еді. Мұндай әңгіме-тәлімдер маған ауадай қажет нәрсе болатын. Әттең, не керек, енді ашылып келе жатқан бұлақ қайта жабылып қалды. Менің «Жас тұлпарға» келуімнің бастауы әкемнің тәрбиесінде жатыр-ау деймін. Әкемнің өсиеті, өткенінді ұмытпа, еліңді, жеріңді, тарихыңды

біл деуі әсер етті. Бойымда ұлттық сана-сезімнің қалыптасуына ол кісі менің өзіме де байқатпай асқан үлкен шеберлікпен ықпал жасады. Біз ол кезде 18-19 жастағы жас жігіттерміз. Сезімнен, өзіңнің кім екенінді сезінуден басталды бәрі. Заман да сондай мүмкіндік берді. Хрущевтың атақты «жылымығының» кезі еді ғой ол. Евтушенко өлеңдерін оқиды, Булат Окуджава әндерін айтады. «Құралайдың желі» сықылды бір бостандық лебі есетін. Біз де ойландық. Ұлтжанды жігіттер табылды.

Сонымен, 1963 жылы Жамбыл облысына бірінші рет «Жас тұлпар» атты ансамбльмен келдік. Екі жылдың ішінде біз көп нәрсе тындырдық десек болады. Ол дегеніңіз Мәскеу, Ленинградта оқып жүрген жастардың басын қосу ғана емес. Ригаға, Киевке, Саратовқа, тағы басқа да қалаларға бардық. Бәрін өзіміз ұйымдастырдық. Біздің алдымызда үлкен-үлкен сұрақтар, ірі-ірі мәселелер тұрды. Ал, ол сұрақтарға бір де бір адам бізге жауап бере алған жоқ. Бізде «пір», «ұстаз» дегендер болмады. Ұстазымыз кітапхана болды. Барлық сұраққа жауапты біз өзіміз таптық, табуға тырыстық. Сұрақтың үлкені отаршылдық мәселесі еді. Біз бірте-бірте осы мәселеге ауыстық. Тоталитарлық жүйеден қалай құтылу керек деген мәселе тұрды алдымызда. Бұның бәрі бізді ұлтшылдыққа баулыды. Біразымыз есейіп кеткенде қазақ тілін үйренуге отырдық. Өзімді «қазақ тілінің оралманымын» деймін. Мен секілді «оралмандар» аз болған жоқ. Ұлтшылдық бізді білімдарлыққа жетеледі. Өйткені **кіммен болса да айтыссаң білім керек** қой. Пікірталастың өзіне дәлел қажет. Біздің қаруымыз білім мен логика еді. Бізге терең білім ауадай қажет болды.

– Сіз әкеңізден өзіңіз айтқандай енді танып-біліп келе жатқаныңызда айрылып қалдыңыз. Ол кісінің рухымен жапон жерінде тұрып сөйлестім дедіңіз. Жалпы, осы бағытта үлкен бір шығарма жазу ойыңызда жоқ па? Жазушылардың, зерттеушілердің ұлы адамға деген

көзқарасы бір бөлек те, туған баласының көзқарасы мүлдем бөлек қой.

– Бұл мәселеге былай қараймын. Мен жақсы білім алдым. Ал, Мұхтартану пәнінен білімім жеткіліксіз болып қалды. Әкемнің сөздерін әлі күнге дейін аңсаймын. Кітаптардан ол кісінің не айтпақ болған ойларын іздестіріп жүремін. Екінші жағынан, студент кезімнен әңгіме сияқты көркем проза жанрына қалам сілтеп көрдім. Бірақ, оның менің қолым емес екенін тез түсіндім. Мысалы, логиканы, қисынды алайық. Логикаң көп болғаны да кейде жаман, логикасы мықты адамнан суреткер шықпайды. Логикасы аздау, жасампаздығы, шығармашылық қабілеті молдау адам ақын болып шығады.

Жалпы, сіз айтқан ой менің де басымда жүр. Қазір өзімді атылған оқтай немесе серіппесі бұралған сағаттай сезініп жүрмін. Серіппенің энергиясы алып келе жатыр мені. Мен ешқашан тоқтап қалған сағаттай болған емеспін, үнемі ізденісте жүремін. Ол ізденістердің түпкі мақсаты – баяғы ел мен жер, ұлт пен рух. Мысалы, мен қазір ұлттық идеяға арналған үлкен бір айтыстан келіп отырмын. Көп адамдар біздің «Жас тұлпардың» «өз еліміз, өз жеріміз, өз тіліміз, өз мәдениетіміз» деген ұранын бүгін идея етіп жалаулатып жүр. Ол кезде бізден басқа ешкім бас көтерген жоқ еді. Ұйымдасқан, біріккен түрде. Өкінішке қарай. Сол бас көтермегендер енді қазір нағыз патриот болып алды. Олар «орыс тілді қазақтар – біздің қас жауымыз» дейді. Осындай әңгіме көп айтылады. Бұл сөздер шын пейілден шығып жатса, «жанашырым екен ғой» деп, тізе қосып жұмыс істесуге болар еді. Үңіліп қарайсың да жанашырлықты сезбейсің.

Және бір проблема, сіз қандай идея айтып, ұран тастасаңыз да нақты өмір шындығымен есептесуіңіз, санасуыңыз қажет. Сонда ғана идеяңыз іске асады. Ал, менің кейбір құрдастарым, тіпті достарым да жалаң ұранның, шешілмейтін идеяның құрбанына айналып кетті. Құрбан

болғанда мүлдем басқа арнаға ауысып, теріс ағынға түсіп кетті, тоталитарлық жүйенің нағыз қолшоқпарына айналып тынды. Себебі, идеяның шынайы өмір талабымен қабысып жатуынан бөлек сен оны қандай жолдармен іске асыра алатынына да көзің жетуі қажет. Кейбіреулер осы трагедияны өздері сезбейді. Олар осы бетпен барып тығырыққа тіреледі де, өмір оларға үлкен мақсатқа жетуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан бізге білім, логика, күрес тәсілдерін жақсы меңгеру аса қажет. Жалпы, халықты игеріп әкету үшін өте үлкен қабілет керек. Керек болса дипломат та болуға тура келер.

«Мәдениет тасушы» Мұрат Әуез

Я очень люблю немецкое слово «культуртрегер» – носитель культуры. Так вот, Мурат Мухтарович – культуртрегер, носитель и радатель знания и просвещения, духовности, гуманности в высшем проявлении.

*Герольд Бельгердің
«Тамыр тамыров» кітабынан*

1992 жылдың ақпан айы. Мұрат Әуездің Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы Тұңғыш елшісі болып тағайындалуы – кейіпкеріміздің өмір жолында ғана емес, бүкіл қазақ мемлекетінің қалыптасып-дамуында бетбұрыс белес болды. Ол тағайындала сала, Ұлы Қытай астанасының аспанында қазақтың көк байрағын желбіретіп, тұңғыш елшілік ғимаратының іргетасын қалады. Ең бастысы, талай жылдардан бері шешілмей келе жатқан Қытай мен Қазақстан шекарасы ресми түрде айқындалды. Сонымен қатар Абай шығармалары қытай тілінде жарық көрді. Бар болғаны 3 жыл ішінде бүтіндей қазақ мемлекеттілігінің іргетасын бекітіп, мәртебесін көтеретін осындай аса ірі шаруалардың жоғары деңгейде атқарылуы – тікелей Мұрат Әуездің қарымды қайраткерлігінің, ұлтжанды жүрегінің тікелей жеңісі еді. Осы үш жылғы орасан зор еңбектің нәтижесі күні бүгінге дейін шапағатын беріп келеді. Қытайлық қазақтардың Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезовтің өмір жолдарына арналған «Шыңғыстаудың үш шыңы» кітабын шығаруы, 2000 жылдардың басында Шыңжаң ұйғыр автономиялық ауданы шет елдермен мәдени байланыс қоғамы мен «Рух-Мирас» қоғамдық бірлестігінің бірігіп шығарған «Көрші» журналы, «Абай жолы» романының қытай тілінде басылып шығуы, Қазақстан Ұлттық кітапханасында Қытай мәдениеті орталығының ашылуы – осының дәлелі.

Ол Қытайдан оралған соң «Сорос-Қазақстан» қоғамдық қорының атқарушы директоры, ал 2002 жылдың шілдесінен Қор Президенті қызметін атқарды. Қордың басшысы болған жылдары ол елімізде ғана емес, шет елдердегі қазақтардың әлеуметтік-мәдени даму үдерісіне үлкен үлес қосты. Түрлі мәдени экспедициялардың ұйытқысы болды. «Алатаудан-Атырауға» атты кітап керуенін өткізу барысында тағы да сол жастұлпарлықтар атқа қонды. Нәтижесінде, Алтай, Моңғолия қазақтарына бес мыңнан аса көркем әдебиет, оқулықтар, ұлттық музыка аспаптары, ұнтаспалар жеткізілді. Жер-жерлерде кездесулер өткізіліп, дәрістер оқылды.

2004 жылы Иманғали Тасмағамбетов Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасының жұмысын жүргізуге шақырғанда, Мұрат Әуез еш ойланбастан «Сорос» қорындағы жайлы да жылы қызметін қалдырып, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Кеңестің мүшесі болып кіріп, тікелей бағдарлама жұмысымен айналысты.

Карл Байпақов, Меруерт Әбусейітова, Әбдімәлік Нысанбаев, Сейіт Қасқабасов сияқты атақты тарихшы, археолог, философ, филолог ғалымдармен бірігіп, мәлімет, дәйектері түрлі дереккөздерде шашырап жатқан, бір ізге түсіріліп, жүйелі хатталмаған халқымыздың 2,5 мың жылдық тарихын ресми түрде реттеді. Нәтижесінде, аттың тұяғымен төрткүл дүниені тітіренткен көшпенділер өркениетінің қордаланып қалған аса зор мұрасы тарих бетіне шықты. Халықтың рухы көтерілді.

Тәуелсіздіктің тәтті дәмі ғасырға жуық уақыт экономикасы да, әлеуметтік, әлеуеттік жағдайы да, тарихи-мәдени даму үдерісі де біте қайнасқан туысқан ұлттар арасына саяси немесе территориялық қана емес, тарихи-мәдени де шекара қоюға көшті. Әсіресе тұқымы бір, тілі бір, тарихы бір қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен халықтары арасында тарихты бұрмалау белең алды, М. Әуез айтпақшы, «тарихтар соғысы» басталды.

Дәл осы кезеңде, яғни 2007 жылы тұқымы да, жаны да, тілі мен ділі де түрікшіл Мұрат Әуездің бастамасымен «Жібек жолы бойындағы сұхбаттар» тұрақты семинары ұйымдастырылды. Ұлы Жібек Жолы бойындағы керуен-сарай кездесулері сияқты аталмыш семинар он жылдан бері Қазақстанның түрлі өңірлерінде, Ыстықкөл жағалауында туысқан халықтардың ірі қоғам, ғылым және мәдениет қайраткерлерінің бас қосып, өзекті мәселелерді талқылап, ортақ шешім қабылдайтын салмақты да салиқалы органына айналды. Өнертанушы өзбек ғалымы Александр Джумаев семинар туралы ойларымен бөліседі: «Костер взаимного доверия и доверительности, открытости и доброты, разведенный Муратом Мухтаровичем Ауэзовым на шелковом пути разгорается. И каждый может погреться и согреться возле этого костра... Чтобы идти дальше вместе с другими в одном долгом и нескончаемом караване, постигая и оберегая духовные богатства – плоды нашего многовекового единения».

Балаң шағынан көшпенділердің ер жігіт алдына қоятын «жеті қырдан астың ба, жеті тілді білдің бе» деген талабы жадында жатталып өскен Мұрат Әуез қаншама рет далаға кетіп, дүниәуи дарынын ұштап, күш-қайратын қайрап, қайта оралған сайын бүкіл мақсат-міндеті осы ұлы ұғымның, жалпы ұлт мүддесінің төңірегінен еш аластаған емес. Сексенге секіргелі тұрған салиқалы жасына қарамастан, Мұрат Әуез ұлт мәселесі, оның рухани-тарихи-мәдени-саяси болмысы туралы мәселелер төңірегінде бір сәт те тұлпар тұғырынан түскен емес. Бұған Ресейдің Никонов, Федоров сияқты саяси шабармандарының Қазақ мемлекеттілігіне шек келтірген сандырақтарына орай ҚазТаг тілшісіне берген сұхбаты дәлел: «Сейчас надо быть очень бдительными, надо сейчас смотреть, засучив рукава, сотворять новую действительность. Такие вызовы нас мобилизуют.

В Казахстане есть потенциал сил, которые в этой боевой ситуации сумеют мобилизоваться. Фашиствующие идут на

бой, и мы пойдем на бой. Они именно к этому толкают. Как раньше было – в чистом поле сойдемся, посмотрим, кто кого!»

«Ағысқа қарсы бірер сағат жүзуге болатын шығар. Ал ол жай ағыс емес, бастауын биліктен алған қарқыны да, қарымы да, қармағы да мықты ағыс болса ше?! Сондай ағысқа қарсы сағаттап емес, күндеп, айлап, тіпті жылдап та емес, бүкіл өмірі бойында қарсы жүзу кімнің қолынан келер?! Ондай ерлік – тек асылдан туып, адалдықты ту еткен Мұрат Мұхтарұлы сияқты бірегейдің ғана иығы көтерер қасиет болар» деген еді бір кездесуде үзеңгілес достарының бірі. Мұрат Мұхтарұлының азаматтық, қайраткерлік бейнесі туралы бұдан артық айта алмаспыз. «Мақсаттың ұлылығы ұлы нәтижелерге әкеледі» дейді, Гер-ағаша айтсақ, культуртрегер, яғни «мәдениет тасушы» Мұрат Әуез.

// Қазақ әдебиеті. – 2022. – 23 желтоқсан (№ 51-52). – 6-7 б.

Мұрат ӘУЕЗ: ЗАМАНДАРДЫ ЖАЛҒАСТЫРҒАН ЗАҢҒАР АБАЙ

Ақын, ағартушы, философ Абай Құнанбаев «көшпелі өркениеттің қоштасу көші» заманында қазақ халқының тарих бетінен жойылып кету қаупінің алдын алып, құрсаудан құтқарудың жолын тапты. Әлем жұртшылығы хакімнің туғанына 175 жыл толуын кең көлемде атап өтті. Осы орайда мәдениеттанушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мұрат Әуез Ресейдің «Профиль» журналының тілшісі Лейли Вайсоваға сұхбат берді. Мұрат Әуезбен әңгіме Абайдың рухани мұраларының өзектілігі хақында өрбіді.

АБАЙ ӨМІР СҮРГЕН ДӘУІР – КӨШПЕЛІ ӨРКЕНИЕТТІҢ ҚОШТАСУ КӨШІ...

– Мұрат Мұхтарұлы, Сіз – Қазақстанда белгілі қоғам қайраткерсіз, жазушы, мәдениеттанушысыз. Сонымен қатар сіз әлемге Абайды танытқан тұлғаның ұрпағысыз. Мұхтар Әуезов әйгілі «Абай жолы» прозалық поэмасының авторы ғана емес, сонымен қатар Абайдың шәкірті, оның ізбасары. 2020 жылы 175 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО аясында аталып өткен Абай Құнанбайұлының шығармашылығымен алғаш рет танысқан адам нендей нәрсені білуі керек?

– Абаймен танысуға талпынған әрбір жанға менің айтарым нық: Ол – шын мәнінде Ұлы. Бұл қандай да бір нәрсені шығарып алып, сосын әбден сәндеп әлек болатын жалаң патриотизм емес. Бұған көз жеткізу үшін «Абай – қазақ халқының құтқарушысы» деген ұғымның ауқымына енетін өткен кезеңдерге тереңдеп үңіліп көрелік.

Көшпенділер өркениеті үшін жаңа дәуірге дейінгі баспалдақ жол біздің дәуірімізге дейінгі I мыңжылдықтың ортасында, яғни қола дәуірін темір дәуірі алмастырған кезеңде ашылды. Аттың тез тот басып қалатын қола

ауыздықтарының темірге ауысуының арқасында жылқы орасан зор кеңістіктерді бағындыру құралына айнала бастады. Ерте және ортағасырлық көшпенділердің пассионарлық энергиясы біртіндеп әлсіреді. Олардың мекендейтін жерлері басқыншылық пен отаршылық объектілеріне айналды. XIX ғасырдағы қазақтар үшін бұл процесс қайғылы да қасіретті жылдар болды және бұл тығырықтан шығар жол таппады.

XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың басын, яғни Абай өмір сүрген дәуірді «көшпелі өркениеттің қоштасу көші» деп атауға болады.

Осы кезеңде ұлы ақындар, музыканттар, рухы биік тұлғалар қазақ халқын жер бетінде сақтап қалудың жолын іздеп, барынша тырысып бақты. Қазақтардың 1837-1847 жылдары Ресей империясынан тәуелсіздігі үшін болған ұлт-азаттық көтерілістің көшбасшысы, қазақтың соңғы ханы Кенесары, ұлы жауынгер ақын Махамбет Өтемісов, ақын Шернияз Жарылғасұлы – бұл екеуі де Бөкей хандығындағы көтеріліске қатысып, халықтың тәуелсіздігі мен бостандығын жырлады, атақты «Үш қиян» эпикалық поэмасында патша үкіметінің отаршылдық саясатын әшкерелеген Мұрат Мөңкеұлы, дарынды композитор, ақын және әнші, өлеңдерінде тек махаббат пен әсемдікті ғана емес, сонымен қатар жаңа ұлттық элитаның озбырлығы мен сатқындығын әшкерелеген Біржан Қожағұлұлы – бұлардың барлығы «көшпелі өркениеттің қоштасу көші» дәуірінде өмір сүрген.

Қазақ қауымының Абай тұлғасына деген қызығушылығы XX ғасырдың басында ерекше арта түсті. Абайға қызығушылардың басым көпшілігі «Алаш» партиясының мүшелері болды. Олар Абайды өзінің рухани көсемі деп атады. Жас Мұхтар Әуезов те осы ортада бекіп, қалыптасты.

XX ғасырдың 30-жылдарындағы ұжымдастыру тұсында Қазақстанда халықтың үштен бірінен астамын жалмаған алапат ашаршылық өтті. Ашаршылық пен қуғын-сүргіннен аман қалған ағартушылар мен жазушылар күйреген әлемді,

қазақтың көшпелі өркениетін халықтың болашағы үшін сақтап қалуды өздерінің азаматтық парызы деп санады. Міне, сол жылдары Мұхтар Әуезов кейін «қазақ халқы өмірінің энциклопедиясы» аталып кеткен «Абай жолы» романын жазды. 2019 жылы әлем жұртшылығы 125 жылдығын атап өткен Ілияс Жансүгіровтің Қазақстандағы ұжымдастыру кезеңінің қасіреті туралы ұлы туындысы – «Құлагер» поэмасы дүниеге келді. Бұл екі шығарма да «Бар болу немесе бордай тозу» жағдайындағы жанайқай еді. Тамырдан аққан қан мен тәннен шыққан жанға жақын сөз.

Мұхтар Әуезов ол кездері елге танымал жазушы, драматург, аудармашы ретінде қалыптасып қалған болатын. Соған қарамастан, ол бәрін тәрк етіп, «Абай жолы» роман-эпопеясын жазуға кіріседі, себебі атты-көшпелі әлем қирап, мүлдем жойылып кету алдында тұрды. Мұның бәрін айтып отырған себебім, осы қайғылы және нағыз ақырзаман кезеңдердің келетіндігін Абай өте жақсы сезінді. ХІХ ғасыр – патша үкіметінің Қазақстандағы хан билігін жою кезеңі, 1867-1868 жылдары «Қазақтарды басқару туралы ереже» енгізілген және сол Ереже негізінде жаңа тәртіп орнатылған қилы кезең. Осының бәрі ғасырлар бойы қазақ қоғамын сақтап тұрған негіздің жойылуына әкелді. Қайғы мен қасіретке толы зарлы заман туды, сондықтан халық бұл кезеңді Шортанбай Қанайұлының «Зар заман» жырының атауымен атап кетті. Бертінірек қазақ ақын-жырауларының экономикалық, саяси және мәдени отарлауға қарсы наразылығын жырлаған «Зар заман» әдеби ағымы пайда болды. Бұл ағымның ақындары өткенді дәріптеп, ертеңді өксігіп жырлады, себебі олар ұлтты сақтап қалудың жолын таппай шырылдады. Олар – ақырзаман ақындары еді. Абай осы тығырықтан шығар жолды тапты, сондықтан да біз оны қазақ халқының құтқарушысы деп атаймыз.

ДАЛАНЫҢ ДӘНЕКЕРІ

– *Абай қоғамға дәуірлерді біріктіру үшін келген бе?..*

– Осы жерде айта кету керек, Қазақ өркениеті – қола дәуірінен бері қалыптасқан ежелгі өркениеттердің бірі. Қола дәуірін темір дәуірі ығыстырды, үлкен кеңістікті игеру басталды, сол тұста көшпелілердің таралу аймағы ғана емес, сонымен бірге Еуразия кеңістігіндегі көптеген халықтар мен өркениеттер бір-бірімен өзара байланысқа түседі. Бұл байланыстың көріністері – Қытай, Солтүстік Үндістан, Иран, араб тілді және ежелгі грек әлемі, Гумилев Еуразия кеңістігі деп атаған кеңістік Жібек жолы ашылды, қытайлар Ұлы Қорғанды тұрғыза бастады, әлемдік діндер пайда болды, мифтердің орнына тарих пен философия ілімдері келді. Еуразия әлемінде зияткерлік толқу қарқын алды, динамика мен статика заманның басты проблемасына айналды. Бірақ XV ғасырдың ортасынан бастап көшпелілердің бірте-бірте құлдырауы байқалды. Ұлы географиялық ашылулар дәуірі орнап, көшпенділер мекен еткен аймақтар шагрен терісі сияқты жиырылып, қысқаруға бет алды. XIX ғасырға қарай біз «көшпелі өркениеттің қоштасу көші» деп атаған кезең басталды.

Үлкен кеңістіктің философиясы, ұлы поэзиясы мен музыкасы, жол философиясы мен табиғатпен қарым-қатынас канондары тарих бетінен мүлдем жойылып кету қаупі алдында тұрды. Міне, осы тұста бұған тағдырдың өзі қарсы шығып, тарихи аренаға ата-бабамыздың ғана емес, адамзат әлемінің бүкіл мәдениеті мен руханиятын бойына сіңірген, дарыны кемел, ғұлама Абайды шығарды. Ол өткен мен жаңаның байланыстырушы буыны болды. Бұған қазақ даласына ұзақ уақыт қоныс аударған миссионер сопылар да көмектесті, олар далаға мұсылмандық ренессанс дәуірінің ілімін әкелді, соның арқасында Абай Платон, Аристотель ілімдерімен сусындады, араб тілін білді, алғашқы өлеңдерін парсы тілінде жазды.

Мұнда Абайдың туған жері Семейдің патша билігіне қарсы шыққан революционерлердің – жан-жақты білімді

адамдардың барынша көп жер аударылған өңір болғандығы да маңызды. Абай олардың еңбектерімен танысып, олардан өзін толғантқан сұрақтарына жауап іздеді. Тағдыр кейбір адамдарды даралап, оларға өзгеден ерек мүмкіндіктер беретін болуы керек. Абай, міне, дәл сол тағдырдың өзі таңдаған адамдардың қатарында болып шықты: ағартушы философ, кемел ақын, музыкант және композитор, аузы дуалы шешен және төрелік етуші би.

Ол қайғы-қасіретке толы «Зар заман» форматында өмір сүре алмайтын еді, тағдыр оған басқа миссияны тағайындады, осы арада ол сопылық философиясымен терең айналысады. Оның алдында да Гамлеттің «Бар болу немесе бордай тозу» мәселесі тұрды. Шәкірттерін, ізбасарларын дайындауға кірісті, өзі де шәкірт бола білді. Абай «қара сөздерін» жазуға кірісті.

Тағдыр адамды туған халқының тарих бетінен жойылып кету жағдайына әкеліп тіреген тұста, оның санасын үлкен өзгерістерге әкеледі. Абайда да тура осындай жағдай болды. Ол халқының санасына жатық керемет өлеңдер жазады. Оның ағартушылық ұмтылыстарын Даланың өзі ықыласпен қабылдады: халық балаларын сол кездегі заманауи білімі бар мектептерге бере бастады, мұндай мектептер мен оларды қолдаушы меценаттар Қазақ даласының барлық жерлерінде ашылды. Халықты жаппай ағарту басталды. Көптеген жас қазақтар оқу-білім қуып, Петербор мен Мәскеу қалаларына аттанды, олардың қатарынан кейін «алашордалықтар» өсіп шықты.

Ұлы Кенесары хан басын құрай алмаған Даланы Абай біріктірді. Ол халықты сана тұрғысынан жұмылдырып, олардың кеудесінде үлкен тарихи уақыттағы ұрпақтар арасындағы байланыс сезімін оятты. Абайдың уақыт мерзімінің өлшемін «заман» және «замана» деп қарастыруы мүлдем кездейсоқ емес. Ол үшін ең маңыздысы – заманалар белесіндегі туған халқының тағдыры. Абайдың өз қазағын өткір сынауының сыры да осында жатыр. Бұл жерде ол жауға

шапқан әскердің қолбасшысы сияқты, мақсат – тек қана жеңіп шығу.

Қазақ даласының барлық ауылдарындағы балалар Абай өлеңдерін жаттап, оның әндерімен сусындап өсті, олар «Абай салған ұяның балапандары» еді. Кезінде Семейде «отаршылықтың» керемет игілігі – экономикалық еңбектер мен қоғамдық-саяси трактаттарға бай кітапханалар болды. Осындай мүмкіндіктерді толығымен пайдаланған Абай ағартушылық міндетін уақыттың тегеурінді қатеріне қарсы қойды. Нәтижесінде халық оянды, ал Абай жаңа қазақтардың рухани көсеміне айналды.

Зұлмат жылдарында Абай руханиятынан нәр алып өскен қазақ зиялыларын түгелге жуығын жойып жіберді, соған қарамастан оның рухани байлығы бұл қырғыннан да аман шықты. Халық Абай мен оның ізбасарларының өлеңдерін жатқа оқыды, бұл – халықтың дәлдеп келген ажалмен арпалысып, әрі қарай өсіп-өркендеу қабілетінің ғажап дәлелі еді.

Ал бүгін Абайды оқып, әндерін тыңдаған әр қазақ оны халықтың құтқарушысы ретінде қабылдайды. Абай – ежелгі көшпелі халықты, бірегей дүниетанымы мен кеңістік сезімі бар атты-көшпелі әлемді сақтап қалған өркениеттік қайраткер. Осындай даналығы мен ғұламалығы үшін де Қазақстанның бүгінгі жастары да Абайға тәнті болып келеді.

АБАЙДЫҢ МАКСИМАСЫ

– Қазақстанда және бүкіл әлемде Абайдың 175 жылдығына арналған көптеген іс-шаралар өткізілді. Ақын, ойшылды құрметтеуге қомақты қаржы бөлінді. Абай – ақын, яғни халықтың жыршысы. Мерейтойды тойлауға халықтың көзқарасы қандай?

– Абайдың мерейтойына арналған іс-шараларға мемлекеттің қанша ақша бөлгендігі маңызды емес. Оның шығармашылығын, ойлары мен идеяларын жаңғыртып,

насихаттаудың ерікті формалары шығып жатыр. Жақында теледидар мен радиодан «Абай жолын» қазақ тілінде оқу шарасы бастау алды. Мұхтар Әуезовтің ұлы болғандықтан болар, шараны мен бастап, алғашқы екі бетті оқыдым. Қатысушылардың саны 525 адам, олардың жас мөлшері де, мамандықтары да әртүрлі. Осыдан шабыт алған Алматы қаласындағы автомеханиктер дайындайтын колледж студенттері Мұхтар Әуезовтің романының Анатолий Ким жасаған жаңа аудармасын орыс тілінде оқу акциясын ұйымдастырды.

Қазіргі жастар арасында туған жерінің әр тау-тасын, өзен-көлі мен даласын, халқын сүйіп, жойылып кетпеуін аңсаған Абай туралы түсінік қалыптаса бастады. Оның сөздері тіпті оқуды ұнатпайтындардың да түйсігіне жетіп, түйсіну сезімін оятады. Тіпті Абайдың бір сөзін естіп немесе көзі шалып қалған әр адам оның оқырманы мен табынушысына айналары сөзсіз. Адамдар қай жерде өмір сүрсе де, адам баласының өміріне қауіп төнген, мысалы, қазіргідей індет жайлаған, болашағы бұлыңғырланған тұста көмекке тағы да Абай, оның өміршең терең философиясы мен сенімі, адамгершілігі келеді. Абайдың ең басты ұстанымы – адам болып қалу.

Абай ерекше қошеметті қажетсінбейді, оның ешкімге де керегі жоқ. Ол онсыз да – әлемдік деңгейдегі тарихи тұлға. Қазір Абай туралы деректі фильм жасалып жатыр, онда біз осы сұхбатта айтып отырған тұжырымдамалық мәселелер ашылады. Абай қай заманда да – білім мен биік адамгершілік құндылықтары арқылы, санасы саралы шәкірт тәрбиелеу арқылы ұлттың сақталып қалуының тәмсіл тәлімі.

– Оның шығармаларының түрлі тілдерге толассыз аударылуы бүкіл әлемде Абай шығармашылығына деген терең де шынайы қызығушылық бар екендігін растайды. Яғни, Абайдың кітаптары шет елдерде де өз оқырмандарын тапты деп айта аламыз ба?

– Жақында ғана Анатолий Ким Абайдың «Қара сөздерінің» жаңа аудармасын жасады. Биылдың өзінде

әлемнің оннан астам тілдеріне аударылды, әлі де жалғасуда. Иә, Абай адамдарды, шын мәнінде, қатты қызықтыра бастады. Оның мәнісі Абай туралы айтқанда, әлем тарихының бастауларының бәрі тартылады. Оның «Қара сөздері» – тұнып тұрған сұрақ, ақыл да, ар-ождан да мазасыздана сұраққа жауап іздейді. Сондықтан «қара сөздер» – Максима, рухани биік туынды. Кітап, мысалы, қытай тіліне тура осылай аударылған. Стилистикалық тұрпаты бойынша Абайдың бұл шығармасы қытай әдебиетіне өте жақын, мен оны Қытайда дипломат болған кезімде жақсы түсіндім. Нидерланд тілінде аударма әдемі шықты. Біз бір нәрсені ескеруіміз керек. Кез-келген аударма аударылатын тілде оқитын адамдарға қажет болған жағдайда ғана жақсы болып шығады.

Абай жойылып кетудің алдында тұрған халық туралы айтқан. Бұл проблема күні бүгінге дейін көптеген халықтар үшін өте өткір де өзекті. Осындай қысылтаяң тұста не істеу керек – міне, Абай осыған үйретеді.

– Қазіргі Қазақстан үшін Абайдың идеялары мен ойлары қаншалықты өзекті?

– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Абай туралы мақаласында сана-сезімнің тазалығы үшін және халықтың бойындағы келеңсіздіктерге қарсы күресу қажеттігін айтады. Империялық және тоталитарлық режим өз азаматтарының санасын бөлшектеп, ішінара ойлауды қалыптастырды, ондай қоғамды басқару оңай болды. Мұндай қоғамда қашанда тыйым салынған тақырыптар болады: «бірін есте сақтап, екіншісін ұмыту керек» деген сияқты. Мысалы, XX ғасырдың 30-жылдарындағы халықты баудай қырған ашаршылық, зұлмат трагедиялары туралы айтуға тыйым қойылды. Бірақ нақты сана фрагментті бола алмайды және болмауы керек, тек сонда ғана ол ашық бола алады. Қазақ халқының, қазақ этносының өмір сүруі үшін бұл өте маңызды. Фрагменттік, бөлшек сана тек тоқырауға әкеледі. Жоғары этика, мораль сыртта қалып, өтірік, өсек, мақтаншақтық сияқты адами

кемшіліктер бірінші орынға шығады. Абай нақ осы нәрселерге ерекше мән берген. Абайдың «толық адам» деген тұжырымдамасы бар. Ол тіпті де семіздік мағынасында емес, жаны бай, түрлі қыр-сырлары қамтылған нағыз адам. Абай да, одан кейінгі ұрпақ – біз де санасы жартыкеш адамдар ортасында өмір сүрдік, ал қазір біз адам санасының толық та жан-жақты дамуына ықпал етіп, өмірді де, ортаны да жан-жақты, толыққанды қарастыру үшін күресуіміз керек. Ұлт рухани жағынан осындай «толық адамдардан» құралғанда ғана мәңгі өмір сүреді.

Жұбан ақын «Мен қазақпын, мың өліп, мың тірілген» дейді. Қазақты ұлт ретінде сақтап қалу, Қазақстан тәуелсіздігін қорғау мәселелері халық тарихында бір емес, бірнеше рет көтерілген.

Абай – қазақ халқының топырағындағы құнар, ол оның өлуіне жол бермейді.

Еліміздің күрделі геосаяси жағдайы қай заманда да билік басындағылар алдына күрделі міндет қойды, ол солай жалғаса да бермек. Қазақстан көптеген мемлекеттердің мүдделері аймағына кіреді, сондықтан саясат көп векторлы ғана емес, сауатты болуы керек, ол Қазақстанға қазіргі геосаяси кеңістікте тең дәрежеде өмір сүруге көмектеседі. Бұл – оңай шаруа емес.

Абайдың ұлы мектебінің арқасында түрлі қуғын-сүргіндерден тірі шығу қабілеті қазақтың жаңа ұрпақтарының бойында да қалыптасуда.

– Әңгімеңізге көп рақмет!

**Сұхбатты қазақ тіліне аударып дайындаған
Қалдыгүл ЖАНЫБАЕВА**

Мұрат Әуезов. Ділім

2018 жылы «Жібек жолы» баспасынан қоғам және мемлекет қайраткері, мәдениеттанушы Мұрат Әуездің «Ділім» атты кітабы жарыққа шықты.

«Діл» – иран тілінен шыққан сөз, «адамның жан дүниесі мен болмысы» дегенді білдіреді. Яғни, діл дегеніміз анау шетшегі жоқ ғарыш, жер-су, адам, махаббат, жарық пен қараңғы, осынау жалпақ әлем, жанды-жансыз жаратылыс, өзіңе Алла өлшеп берген кесімді ғұмыр туралы адамның көзқарасы, ойы, пиғылы, ниетінің жиынтығы деуге болады.

Кітаптағы жүйеленіп топтастырылған мақалалар мен сұхбаттарында автор еліміздегі қоғамдық, саяси және әлеуметтік мәселелер, мәдени және әдеби үдерістер, қазіргі әлемдегі геосаяси жағдайларға ой-пікірін білдіреді. Олардың негізгі мазмұнын автордың: «Тілден де, Діннен де айырылып қала жаздап, қайта оралған кездеріміз болды, әлі де кездеседі. Ал Ділден ше?! Одан айырылу мүлдем мүмкін емес, тек сол Діл саулығы, Діл тазалығы, Діл беріктігі арқылы ғана жеке тұлға, дербес ұлт, тәуелсіз мемлекет ретінде сақталып қалдық», – деген тұжырымынан айқын аңғаруға болады.

Кітаптың «Айналайын, ақ бұлақ» атты бірінші бөлімінде автор әкесі Мұхтар Әуезов пен анасы Фатиманың өмірі, олардан алған тәлім-тағылымы, бір шаңырақтың астында тәрбиеленген бауырлары, өз ұрпақтары жайында әңгімелейді. «Әлем кіндігі» бөлімінде қазақ зиялыларының тоталитарлық мемлекеттегі тағдыры, «пайғамбарлар дәуірі» және біздің дініміздегі кейбір ерекшеліктер, тәңіршілдік қағидасы, қазақтың мәдени өміріндегі қожалар миссиясы туралы ой толғайды. «Жол көрмек», «Садақтың ұшқан оғындай...», «Жеті қырдан астың ба?», «Жоғарыдан ағатын өзендерді біл!», «Еңку-еңку жер шалмай» бөлімдерінде халқымыздың мәдениеті мен өнері, тілі, тәуелсіздік, ұлттық рух пен ұлттық мүдде мәселелері, еларалық саясаттағы ұстаным, шығыс тарихы, араб-түркі және қытай-қазақ қарым-қатынастары,

бұл орайда шешімін табуы тиіс проблемалар жан-жақты әрі өткір қозғалады. «Жайсаң да жүр жаныңда» бөлімінде өзі пікірлес, мұраттас болған қазақ әдебиеті мен мәдениетінің көрнекті өкілдері туралы сыр шертеді. Жинақ автордың «Тамшы, бұлақ!» деген жүрекжарды эссесімен қорытындыланады. Дана Конфуцийдің білімге апарар үш жол ретінде ойланыстарды, толғаныстарды, тәжірибені атағанын еске алып, өзінің өмір бойы осы үлкен жолдың үш тармағымен де жүріп келе жатқанын, бұл жолына Әділ және Діл ұстанымдарын бағдаршам еткенін айтады. Кітап ойлы, қоғамдық-саяси және мәдени-эстетикалық терең тұжырымдарға, пікір-пайымдарға бай, өте мазмұнды шыққан.

Бұл кітаптың қалың оқырман қауымға, сонымен қатар ел тізгінін ұстап отырған азаматтарға аса пайдалы болары сөзсіз.

Мұрат Әуезов: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мемлекеттің мәдениетке көзқарасын айқындайтын жоба

Алаштың айтулы тұлғасы, қоғам қайраткері, мәдениеттанушы-ғалым Мұрат Мұхтарұлы Әуезов Қарағандының Достық үйінде этномәдени бірлестік өкілдерімен, журналистермен, жазушылармен, ақындармен және жастармен кездесті. Оның барысында мәдениет пен тілдер диалогы төңірегінде әңгіме өрбіді.

Мұрат Мұхтарұлымен бірге бір топ ғалымдар, атап айтсақ, тарих ғылымдарының докторы, профессор Марат Сембі, Қазақстан халқы Ассамблеясы Ғылыми-сараптама тобының мүшесі профессор Нұрсұлу Шаймерденова және «Выпускники российских вузов» қазақстандық бірлестігінің президенті Джемма Аманжолова Елбасының «Рухани жаңғыру» мақаласы аясында халықпен пікір алмасып, ой-толғаныстарын ортаға салды.

«Қасиетті Арқа өңірінен небір зиялылар мен жақсы-жайсаңдар, ғалымдар шыққан. Мұнда келу мен үшін үлкен қуаныш. Айтылар әңгіме де, қозғалар ой да салмақты болатынына сенімдімін. Бүгін осы Достық үйінің кітапханасына арнайы «Времен связущая нить» атты кітабымды сыйға тарту етемін. Әкем алашордашылармен де аралас-құралас болды. Мені өз қолымен 1-сыныпқа қазақ мектебіне ертіп апарғаны да әлі күнге есімде. Әкеден алған тәрбиемді, білген-түйгенімді осы кітаптың ішіне сыйғызуға тырыстым. Мұрат Әуезовті осы кітаптың ішінен іздесеңіздер болады», – деді Мұрат Мұхтарұлы.

Сондай ақ, бұл кітапқа Мемлекет және қоғам қайраткерінің жүріп өткен өмір жолынан сыр шертетін тәуелсіздіктің қадір-қасиеті де терең жазылған. Менің армандаған тәуелсіздігім – осы кітапта сәл де болса орнын тапқан дүние, – деп толықтырды ол.

Достық үйінде құрметті қонақтар шығармашылықты дамыту орталығы мен мұражай жұмысымен танысты. Бұдан

соң, конференц залда жиналған жұртшылық өз сауалдарын қойып, Мұрат Әуезов жиналғандарға ұлы ойшыл-данышпан Абайдың философиялық-дүниетанымдық көзқарастарының еліміздің өскелең ұрпағы үшін маңызы туралы әңгімелеп берді.

Сондай-ақ, мәдениеттанушы-ғалым өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен және ұлтын ұлықтаған тұлғаларымен мақтанатынын, осылайша, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылатынын, бұл орайда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мәдениетке деген мемлекеттік көзқарастың ұстанымын айқындаған маңызды жоба екенін атап өтті.

Кездесудің екінші бөлімі аймақтың журналистері, ақын-жазушылары енген Әдеби клубтың құрылуымен жалғасты.

Әлібек Асқаров. Боямасыз баяндар (Төртінші дәптер)



Қайсыбір жылы біз Монғолиядағы қандастарымыздың шақыруымен Баян Өлгейге барып қайтқанмыз бар.

Алматыдан көрнекті мәдениеттанушы ғалым, білімдар ағамыз Мұрат Әуезов бастаған керуен шықты. Мен бұрын ешбір шетелде болмаған қаламгер ағамыз Қайырды Назырбаевты қасыма ертіп, Астанадан аттандым. Естуімше, Мұрат Әуезовтың керуені Өскеменде бір түнеп, Шемонайха арқылы Сросткиге жетіп, әйгілі жазушы, кинорежиссер Василий Шукшиннің туған елінде біршама аял жасапты. Содан, Мәскеуде оқыған Мұрат ағамыздың танысы баршылық қой, олар Горно-Алтайск қаласында екі күн мейман болады. Ол жерде алтайлық прозашылар Борис Укачин мен Дибаш Каинчин қазақ керуенін құшақ жая қарсы алып, шама-шарқынша қонақ етсе керек.

Алтай жұртының астанасынан аман-есен аттанған Мұрат ағамыздың керуені Ресейдегі қалың қазақтың мекені – Қосағашта тағы бір күн дамылдап, ертесінде кештетіп Баян Өлгейге табан тірейді.

Араға бір күн салып, Өскемен арқылы ұшақпен екінші топ – біз де жеттік. Біздің топтағы шоқтықты тұлға – Болатхан Тайжан ағамыз, елге аты мәлім қоғам қайраткері. Москваның Мемлекеттік халықаралық қатынастар институты мен КСРО Ғылым академиясының аспирантурасын тәмамдаған кәсіби дипломат, араб тілінің мықты білгірі, тайпалған аудармашы. Кеңес заманында шет елдердегі елшіліктерде көп жылдар бойы алуан қызметте болған сирек қазақтың бірі. Ел тәуелсіздігінен кейін Қазақстан Сыртқы экономикалық байланыстар министрінің бірінші орынбасары, Қазақстан Республикасының Египеттегі Төтенше және өкілетті Елшісі, Марокко, Тунис, Алжир, Иордания, Сирия, Ливия мемлекеттеріндегі елшілік міндетін қатар атқарушы, кейін зейнет демалысына шыққанға дейін Қазақстанның Малайзиядағы өкілетті Елшісі қызметтерін атқарды. Каир қаласында Абай көшесінің ашылуына мұрындық болған азамат та осы Болатхан ағамыз еді. Бұрын атын сырттай естіп, бірер мәрте жиналыстарда көргеніміз болмаса, жақын танымайтынбыз. Бұл сапарда сол олқылықты реттеудің жөні түсті, дипломат ағамызбен армансыз әңгіме соқтық, ұзақ-сонар сырласып қайттық.

Бұрын естімеппіз, Мұрат Әуезов керемет балықшы екен. Өлгейге келген күннің ертесінде ол кісі құрығын арқалап күншіліктегі Сырғалы көлдеріне кетіп қалыпты. Араға бір күн салып, көңілденіп, бой жазып сергіп қайтып келген. Алматыдан бергі алыс жолда шаршап-шалдыққанның ізі де қалмапты. Таза ауа, Сырғалының таңғы шықтай мөлдір суы бәрін жуып-шайып жібергендей. Бәріміздің басымыз аман-сау қосылған соң, ресми шараларды бастап кеткенбіз... Кітапханаға кітаптар табысталды. Мәдениет үйіне бірнеше домбыра, музыкалық аспаптар сыйға тартылды. Біз жақтан Мұрат пен Болатхан сөз сөйлеп, Ұлан-Батырдан осы шараға арнайы келген Қазақстан Елшісі ел атынан тілек айтты. Моңғолия жағынан – Ұлы Хуралдың депутаты, Өлгей аймағының әкімі, тағы бірер зиялы ағайын сөз алып, қазақ

делегациясына ризашылықтарын білдірді. Көкейдегі кейбір проблемалар да қозғалды. Соның бірі – Қазақстан теледидары хабарларын көре алмайтындықтары сөз болып, осы мәселені ұзын арқан, кең тұсауға салмай, тездетіп шешіп беру жағы сұралды. Екі елдің халықтық қарым-қатынасына байланысты ұсыныс-пікірлер айтылды. Қазақ мектептеріне арналған оқулықтардың жетіспейтіні төңірегінде де әңгіме болды. Біз алыстағы ағайынның осы өтініш-тілектерін маржандай етіп қойын кітапшамызға түртіп алдық. Соның нәтижесі – көтерілген көп сұрақтың біразы кейіндері ойдағыдай өз шешімін тапты да.

Өлгейге келген адам Сырғалы көлдерін көрмей, Бес Боғданың көз шағылыстырған қарлы шыңдарын қызықтамай қайтар болса – ол адам бұл жаққа бекер келгенмен бірдей дегенді естідік. Солай деген соң, қонақ қойдан жуас, біз бәріне көндік. Мұрат ағамыз, қасында Марат Сембин досы бар, өз шаруаларымен қала маңайына қыдырыстап кетті. Біз, Болатхан ағамызды бас етіп, екі машинамен Сырғалы көлдеріне тарттық.

Мамырдың соңы еді, жер әлі көктей қоймаған, тау мен тастың түсі күрең қызыл. Бұл жақта ағаш та сирек екен, қайда барсақ та тақыр жер, жалаңаш таулар. Сырғалының жолы да ауыр болды, көктемгі жылымықпен жіпсіп, жолдың бәрі қойбатпақ, езіліп кетіпті. Ауыр машинелер көп жүргеннен бе, аттап бассаң ойдым-шұңқыр. Біз мінген екі уазиктің алдыңғысы коллеяға білігінен салақтап отырып қалып, троспен кері тартып жүріп, эзер шығарып алдық.

Сырғалы – тау етегіндегі жазықта мөлдіреп жатқан қос көл екен. Биіктен қарасаң расында да қыздың құлағына салар қос сырғаға ұқсағандай. Екі көл біріне бірі, шамасы жарым шақырымдай, жалпақ өзенмен жалғасып жатты. Ақ көбігін аспанға атып күркіреген Қобда өзені осы көлдерден бастау алады екен.

Екі көлді жалғаған жалпақ өзеннің тайпақ тұсынан арғы жағаға өттік. Жазықтың бел ортасында ағарған үйлерді көріп,

шағын ауыл ма десек, шекара заставасы болып шықты. Одан әрі өркештенген тау жоталары. Осы таулардың арғы асты Қытай елі десті. Ал, түстік жақтағы тау сілемі әлдеқайда асқақ, көз тартқан айбынды. Шошайған шың бастарынан бастап, етекке дейін аппақ қар. Сай-саланың бәрі қыздың шашбауындай бұратылған мұздықтар.

Атақты Бес Боғда шындары осы екен. Айтары жоқ, көркем көрініс, көңіл сусындатқан әсерлі сурет. Мен Бес Боғдаға ұзақ телмірдім, көзім тоймай, зерттей үңілдім. Сыртылдатып суретке түсірдім. Осы ғажайып шындардың арғы жағында өзім туып-өскен өңір – Катонқарағай барын сезіп тұрмын. Сырғалының «ақбалық» дейтін балығы да өзгеше ірі болады екен. Ер адамның санындай жұмыр, өлшеп едік, біреуі – 85 сантиметрге жетті.

Шекара заставасының арғы жағында, тау түкпіріндегі малшы үйінде қонақ болдық. Моңғол типті киіз үйде кеңінен әңгімелесе отырып, буы бұрқыраған жас етпен қоса, ақбалықтан да дәм таттық.

Күні бойы жайлау көркін қызықтап, таза ауада дем алып, күн екіндікке еңкейе келген жолымызбен кері қайттық.

Астана мен Алматыдан келген қонақтарды қалған күндері топ-топқа бөліп әр жаққа алып кетіскен. Қайырды екеуміз Өлгейдегі байланыс торабының бастығы Үзбен Құрманбайұлы деген ағамыздың қамқорлығына көштік. Мұрат Әуезов пен Марат Сембин ұшақпен ел астанасы Ұлан-Батырға аттанып кетті. Болатхан Тайжан ағамыз да келесі күні белгісіз жаққа жол жүріп кеткен.

Үзбен ағамыз Қайырды екеумізді қала маңындағы табиғатпен таныстырып, кешке қарай елдің зиялы жұртшылығымен кездесулерге қатыстырды. Қайда барсақ та өлгейлік ағайынның ақ ниеті мен ыстық ықыласына бөленіп, үлкен әсерге бөленумен болдық.

Бұл есте қаларлық тамаша сапар еді.

Өткірдің жүзі

Белгілі неміс әдебиеттанушысы Герольд Бельгер өзінің «Тамыр Тамыров» кітабында Мұрат Әуезов туралы былай айтқан:

Мурат Ауезов – «хоффнунстрегер» – носитель надежды. Жизнелюб, оптимист, он всегда настроен на волну надежды даже в самых тяжелых моментах жизни.

Герольд Бельгердің «Тамыр тамыров» кітабынан

Қазақта сегіз қырлы, бір сырлы» деген теңеу бар. Кемел теңеу. Шешендер бұл теңеуді аса сирек жағдайда ғана қолданған. Этнограф, фольклортанушы Серікбол Қондыбайдың айтуынша, «Сегіз қырлы, бір сырлы» тіркесінің өзі сегіз-шоғым таңбасы сияқты геометриялық пішінді көрсетіп тұрғандай. Яғни төрт сызықтың бір нүктеде қиылысуы бір нүктеден тарайтын сегіз сәулені туғызады». Ғалым бұл сегіз сәулені туғызған (сегіз+біреу) сегіздік ұғымын бүкіл танымның бастауы деп танып, «сегіз қырлы, бір сырлы» адамды бұл дүниенің болмысын, яғни сансыз қырын танып, меңгерген адам деп көрсетеді. Кейінгі 3-4 жыл көлемінде Мұрат Мұхтарұлының бірнеше кітабы жарық көрді. Бұл басылымдардың ерекшелігі – әрқайсысы әр тілде. Орыс тілінде шыққан қалың да қомақты «Времен связующая нить» кітабынан кейін көп ұзамай қазақ тіліндегі «Ділім» кітабы, оның ізін ала әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің баспасынан «Өнегелі өмір» жинағы, көп ұзамай 1972-78 жылдардағы күнделіктер жазбасы орыс тілінде «Главпочтамт», қазақ тілінде «Шеркүмбез», ағылшын тілінде «Postel house» деген атаумен жарық көрді. Тілдер мен ділдерді тоғыстырған бұл еңбектер, Гер-ағаша айтқанда, бүгін мен ертеңнің тінін жалғастырар, үмітін жеткізер, үлкенге де, кішіге берері мол дүниелер екені сөзсіз.

Сегіз демекші, сегіз ондыққа толғалы отырған Мұрат Мұхтарұлының тұлғалық қырының, рухани дүниесінің, азаматтық мінезінің, ұлтжандылық қасиетінің орасан байлығы сол киелі сегіздікке – яғни бүкіл танымның бастауына әкелері анық. Осылайша, сегіз сәулені туғызған сегіздік ұғымы Абайдың «сегіз аяғымен» үндесе келе, осы жолы да иесін, Гер-ағаша айтсақ, «сенім, үміт тасушы», яғни Мұрат Әуезді еш адаспай өзі-ақ тауып алды. Ғажап!

*Өткірдің жүзі
Кестенің бізі
Өрнегін сендей сала алмас;
Білгенге маржан,
Білмеске арзан,
Надандар бәһра ала алмас.*

Мазмұны

Алғы сөз	4
Мұрат Мұхтарұлы Әуезов (Өмірі мен еңбегі туралы мәлімет)	5
Мұрат Әуезов: Мұхтар Әуезовтің ұлы екенімді мектепке барар кезде бір-ақ білдім	11
Әрбір 21 жасар қазақ жігіті әкем сияқты елін ойлайтын болса ғой (Өмірзақ Ақжігіт)	15
«Мәдениет тасушы» Мұрат Әуез	23
Мұрат Әуез: Замандарды жалғастырған Заңғар Абай (Қ. Жаныбаева)	27
Мұрат Әуезов: Ділім	36
Мұрат Әуезов: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мемлекеттің мәдениетке көзқарасын айқындайтын жоба	38
Әлібек Асқаров. Боямасыз баяндар (төртінші дәптер) .	40
Өткірдің жүзі	44

«Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған
республикалық кітапхана» РММ

Заңғар жолдың жалғасы

Биобиблиографиялық материалдар

Құрастырушы

Шамшиева Зарина Мұхтарқызы

Компьютерде беттеген

Несіпбай Аяулым Ерғалиқызы

Мекен-жайы: 050000, Алматы қаласы

Бөгенбай батыр 214/

(Ғани Мұратбаев қиылысы)

тел.: 8 (727) 293-70-80

факс.: 8 (727) 399-89-88

e-mail: rbnsg@inbox.ru

site: <http://blindlib.kz>